

Л 2007

8630к

Сағынғали
СЕЙІТОВ

Шығармалары

1



“Ана тілі”
баспасы
ЖШС
2007



ИИТ ОИА
КОМПАНИИ
ИИТ
2002

Сағынғали
СЕЙІТОВ

Шығармалары

1



“Ана тілі”
баспасы
ЖШС
2007

88816100 01

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*

*Құрастырған – Дилбар Сейітова
Алғы сөзін жазған – Гүлзира Серғазиева*

Сейітов С.
С 31 Шығармалары. 1 том. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2007 – 304 бет.

ISBN 9965-670-53-6

Қазақ поэзиясы тарланбоздарының бірі Сағынғали Сейітовтің бұл жыр кітабына соңғы он жарым жыл мұғдарында, яғни 1995-2007 жылдарда жазылған өлеңдері, топтамалары мен толғамдары енгізілген. Мұндағы шығармаларды тұтастай алғанда тәуелсіздік тартулары деп атауға болады. Кітаптағы дүниелердің мазмұны мен тақырыбы ғана емес, ондағы көзқарастар мен пайымдаулар да жаңаша болып келеді. Жанрлық жағынан алғанда пәлсәпалық, көңіл-күй, табиғат лирикаларының үшқындарындай ұшырайтын қысқа қайырымды шумақтар мен оралымдарға кең орын берілген.

Ақынның соңғы аманаты саналатын бұл жинақтағы жырлардың оқырман көңілінен шығарына кәміл сенімдіміз.

С $\frac{4702250201}{00(05)-07}$ – 07

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-670-53-6

© Сейітов С., 2007
© «Ана тілі» баспасы
ЖШС, 2007



ТӨЛ СӨЗДІ ТАМЫЛЖЫТҚАН ТАҢДАЙЫНАН...

Ұлы Отан соғысының ардагері, майдангер-журналист, көрнекті ақын, сыншы, аудармашы, әдебиет зерттеушісі, көсемсөз шебері Сағынғали Сейітов үстіміздегі жылы торқалы 90 жасына жеткенде, сөз жоқ, қазіргі қазақ әдебиетінің абыз-ақсақалы болып, халқының алақанында балаға айналған данадай әлдиленер еді. Мәңгі дамылдар алдындағы ойлар керуенінің жыр көшіне ілескенін көруге үлгермесе де, артында қалған ұрпағы, өзі мен сөзін сыйлайтын қауымы көріп отыр.

...«Аврора» крейсері дүниені дүр сілкіндіргенде Орал өңірін де жаңғырықтырған зеңбірек үні мен Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы Сайқұдық ауылында өмірге келген сәбидің іңгәсі бір мезетте естілді. Кейін Қазан төңкерісі ақын өлеңінің өрнегі болып өрілді:

Мен – ақын Сағынғали Сейітовпін!
Сен жайлы жырды қашан сейілтіппін?!
Жүректің орындаймын тапсырмасын,
Сен – менің жаһандағы бас құрдасым!

Иә, «15 ұлттың панасы» болып 70 жыл дәуірлеген Кеңестер Одағын, «бостандық танын» атырған Қазан төңкерісін, партия мен Ленинді соқыр сүйіспеншілікпен жырлаған қазақ ақындарын өз өмір сүрген кезеңінің идеологиясына адалдығы үшін айыптау, олардың шығармашылығынан тұтас тарихи кезеңнің парақтарын жұлып тастауға тырысу – тарихи сауаттылық та, адами әділеттілік те емес. Олардың ортақ отандарына деген телегей сезімдері туған жерін, өскен елін, төл ұлтын сүйген махаббат қайнарынан ағындамаған болса, осынша табиғи нанымдылықпен оқырма-

нын сендіріп, бірнеше буынды тәрбиелеу кәдесіне аспаған болар еді.

«Махандар жоқ, Махандардың сарқыты –
Мұқағали Мақатаев бар мұнда!»

деп панданған ақиық Мұқағали сияқты өзінің Сағынғали Сейітов екенін, бұл дүниеге бекер келмегенін, айтары барын сенімді баян еткен ақын осындай жоғары пафостағы рухты лепті тұла бойына жасынан сіңірген отаншыл ұлтжанды бастауларынан алды. Осы екпіннен жаңылмай, ол өзін былайша таныстырады:

Сен кімсің? – десе біреу.., не дер едім?
Айтар ем: Ұлы Абайға немеремін.
Сәбиттің інісімін ізін басқан,
Тайырдың тұстасымын! Сөз – Өнерім!

Қадыр ақынның «Мен Абайдың інісімін жырдағы, Екеуміздің арамызда бала жоқ!» деп батылдануына құмдас-сулас Сағынғали ағасының «Абайға немерелігі» әсер еткен болу керек. «Тәрімде Мұхтар отырған» деп насаттанатын Сағынғали Сейітов Сәбит Мұқанов, Жұмағали Саин, Әбу Сәрсенбаев, Жұбан Молдағалиев, Хамит Ерғалиев, Ғали Орманов, т.б. көптеген әдебиет арыстарымен иықтаса еңбек етті. Жоғары оқу орындарының оқытушысы да, партия нұсқаушысы да, ғылыми зерттеуші де, баспагер де болып, талантының алуан қырын әдебиет пен мәдениеттің сан саласында сынады. Бұрын халық ақыны Шашубай Қошқарбаевтың шығармашылық мұраларын түгендеген сыншы-ғалым С. Сейітов Қазақ КСР Ғылым академиясының Әдебиет секторында жемісті еңбек еткен жылдарда «Қазақ кенес әдебиеті тарихының очерктері» атты ұжымдық қомақты еңбектің төрт тарауын, өзіне көркемсөзде ұстаз тұтқан көрнекті қалам қайраткерлері – Ғабит Мүсірепов пен Тайыр Жароков туралы сыни-ғұмырнамалық очерктер жазып, Қайнекей Жармағамбетовпен бірге Сәбит Мұқанов шығармашылығын безбендеді. «Қырық жылда» монографиясының негізінде ғылыми диссертация қорғады. Өз алдына отау кеңейткен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиеттер байланысы бөлімінде аға ғылыми қызметкер болып, қазақ поэзиясындағы В.Маяковский, А.Пушкин,

М.Лермонтов дәстүрлерін зерттеп, орыс классиктерімен қатар Гете мен Гейнени, Жәми мен Науаи, Мұса Жәлел сияқты шығыс шайырларын қазақша сөйлетті. Он бес ұлттың баласын алаламай, еларалық достықты жырларына арқау еткен Сейітовтің төлтумалары да кеңес халықтарының бірқатар тілдеріне аударылды.

1936 жылы Батыс Қазақстан облыстық газетінде жарияланған тырнақалдысынан бастап ол оқырманымен ел баласы болып қауышты. Бір өлеңінде айтылатындай «бұлтарыссыз, қалтарыссыз, жалтарыссыз» сүрген бірқалыпты мағыналы өмірінде елінің бел баласына айналып, 70 жылға жуық жалғасқан шығармашылық белестерінде 50-ге тарта туындысының (таңдамалы жинақтары – «Жаңғырық», «Жолдас уақыт», «Серпер», «Сенгір», «Самғау») тұсауын кесті. Жыр жинақтары мен таңдамалы томдықтарымен қатар жаппай сауаттану кезеңінің әдебиет оқулықтарын, құнды ғылыми монографияларды жарыққа шығарды. 60-70 жылдары Сағынғали Сейітов поэзиясы одақтық аренада кең көсілді. Орталық «Правда», «Красная звезда», «Литературная газета» газеттерінде, «Октябрь», «Знамя», «Советский воин» журналдарында, «Советская поэзия за 60 лет» 4 томдық антологиясында, кейінірек «Казахстанцы о Москве» (1998), «Казахстанцы защищают Москву» (2001) монументтік басылымдарында өлеңдер топтамалары жарияланды. Ол Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы мен жетекші республикалық басылымдардың редакциялық алқасына мүше болып, Қазақстан және Кеңес Жазушыларының съездеріне әлденеше дүркін делегат болып қатысып, Қазақстандық және Бүкілодақтық әскери-көркем әдебиет алқаларының жұмыстарына белсенді атсалысып, қоғамы һәм заманымен бірге адымдаған қайраткерлігін де танытты. Қазақстан руханиятына сіңірген, кішіпейіл жаратылысының сыртында, аққан жылдардың тасасында қалған қыруар еңбегі Сағынғали Сейітовтің шын мәнінде ақындық, адамдық тұлғасын көз алдымызда аспандатады.

Қолына қалам ұстасын, қылқалам ұстасын мейлі, тармағы мен толғауы тоқсан тарау өнердің қай топырағына түрен тартсын мейлі, шынайы суреткер үшін ең үлкен мұрат – алдымен өз ұлтыңа мойындалу, өз жұртыңа жағу. Елі мен жерін шын қасиеттеген, отандасын ойландырған, қауымдасын толғандырған, саған да, маған да, оған да түсінікті ой толғаған, өмір бойы бек-

зат болмысынан айнымаған, жан жылылығының бай қоры азаймаған, жан сұлулығы сызатталмаған, өзінде жоқты жапсырмай, көрінген атақты қапсырмай, бойындағы барымен нар бола білген жандардың бірі хәм бірегейі Сағынғали ағамыздың да тұлғасы бүгін бізден алыстап кеткенде ұлыланып шыға келді. Елінің алдында әманда кішік Сағынғали орынды-орынсыз өрекіп, өршеленіп, өрленіп сөйлеуден ада биязы мінезіне бағып:

Елім!

Мен саған бәрінен де ұяттымын:
Сен үшін ақын болған сияқтымын.
Сен үшін тартам жырдың азабын да,
Менен мықты ақын көп қазағымда.
Әлбетте оларменен бәсекем жоқ,
Салмағым түспес деймін аса кем боп!

– дейді. Аз сөзді саз айтып, ой асылын саралап айтуға тырысқан ақын салмағы ешкімнен кем түспегені, атаққа құмартпаған, мақтанға жоламаған, кеудемсоқ қылық көрсетпеген, «өзім» деп өзеуремеген болмысы 80 жылдық мерейтойында, аға досы Хамаңның «...Сейітов Сағынғали бола аласың!» деген арнау-өлеңінде жан-жақты жырланды. Сырбай ақынның «Оралдың жігітінің бәрі Ғали, Бәрінен артық маған Сағынғали!» деуінде де мән бар. Ақынның тума табиғатындағы даладай дархандық, кеңістіктей кеңдік, жақсыларға бітер жайсаңдықтың негізі Жайық жағалауына апарады:

...Жайықтың жайын жай ұқпа,
Бойыңда қуат, ересен.
Ұқсамасаң Жайыққа,
Жайықта тудым деме сен!

Тайыр Жароков, Қажым Жұмалиев, Қалижан Бекхожиндей алдыңғы лек түлеген ұяда – Қазақ педагогикалық институтында оқығысы келетінін айтып, 1937 жылы Жайық жақтан оқу орнына хат жолдайтын елгезек бозбала – Сағынғали. Аңқылдаған қыр баласын Алматы тіпті де жатырқамай қарсы алды. Осы жылы «Лениншіл жас» газетінде – республикалық басылымда тұңғыш жарияланған өлеңінде Отан-Анадан кіндігі бір елі ажырамас албырт жастың жігері ерекше бұрқақ атады:

Жас болсаң, біздің елдің жасындай бол!
 Жайнаған жайдың шақпақ тасындай бол!
 Кеуденде Отан аты от боп жансын!
 Тот басып, кір шалмайтын асылдай бол!

Армандай болған ҚазПИ-ді тәмамдап қалған, Ғабдол, Абдолла, Қасым, Қалижандармен жыры да, сыры да бітпес жан достарға айналып үлгерген 1941 жылы алғашқы лекпен майданға аттанды. «Ардақты ақын досым Сағынғали! Шертілер сен кеткенде сағынған күй...» деп күрсініпті Абдолла. Өзінің де Сағынғалидың соңынан жетерін, жастығын соғыс жалмарын, бүгін қимастықпен шығарып салған досының дәм-тұзы таусылмай оралып, өзінің есімі мен ерлігін өмір бойы жыр етерін білді деймісің?! «Жиырмадан жаңа асқан жас жігіттің, Мүз еріттім деміммен, тас жібіттім» деп арыстандай жұлқынып, қырандай бұлқынып тұрған Сағынғали Харьковтегі әскери академияда қысқа мерзімдік дайындықтан өткен соң 39-минометтік гвардиялық жасақ құрамында соғысады. Ой өрімі, қалам қарымы соғыс шебінде де байқалып, майдан газеттерінің саяси тілшісі, әскери журналист қызметіне таңдалады. Соғыс өтінен анттасып оралған Жұбан досымен жарыса жазып, Мәскеу мен Сталинградты қорғаушылар, Белоруссия мен Украина жерлерін азат етушілер, танкистер мен ұшқыштар, жаяу әскерлер мен артиллеристер, барлаушылар мен мергендер туралы біресе өршіл өлеңдерін, біресе әскери суреттемелерін жариялап, жауынгерлерді жігерлендіру миссиясын абыройлы атқарады. Сейітовтің көсемсөздік лирикасының шарықтай шыңдалатыны, азаматтық ұстанымдарының нықталатыны – осы сұрапыл жылдар.

Майдан бардым,
 Қайран қалдым, титей аумај жолымнан,
 Абай томын тастамадым қолымнан.
 Оқ заулады оңымнан да, солымнан,
 Ақын атам ертті мені соңынан.

– дегеніндей ұлы рухқа сүйеніп жүріп, ажалды бағытынан жаңылдырған ақын соғыстан оралған соң да өлең-өлгенше жауынгерлік поэзия жалауын жоғары желбіретті. Пинск батпағынан Хатынь қасіретіне дейін жаңғыратын санадағы соғыс естеліктері, жорық жырла-

ры, ерлікке мадақ тақырыбы әр жылдары жарық көрген жинақтарынан ойып орын алып, Жеңістің 60 жылдығы мерекеленген 2005 жылы «Майдангер көзімен» кітабында түйінделді. Ал, ерлікке де, өнерге де іңкәрлік оты оның жүрегінде жас күнінен-ақ жанғанын туған жер атырабын жырлайтын мына өлеңінен көрінеді:

Жаттаймын Махамбеттің боран жырын,
Кім маған үйретті өлең одан бұрын?!
Мұхиттың асқақ әнін тындап тұрып,
Тебірене Қаратөбе шолам қырын...

Елдік пен ерлік тақырыбын толғағанда ақын тіліне Исатай мен Махамбет аттары еріксіз оралады:



Исатай – батырлардың батырындай!
Махамбет – ақындардың ақынындай!
Егіз ер Еділ-Жайық секілденген
Халқының қайратындай, ақылындай!

Ақынның ел мен жерді жырлау интонациясынан да Махамбеттен жұғысты қайсарлық пен өткірлік ұшқындайды. «Махамбеттің мирасы қанымдағы – Жығылмайтын жалау жыр жадымдағы!» дейтін сұңғыла ақынның бар ғұмыры сол мирасты қастерлеу қамымен өтті. Ол майданда жастықтарын ала жығылған қазақтың артық туған ұл-қыздары Абдолла мен Баубекті, Әлия мен Мәншүкті, Әли мен Хиуазды, Сүндетқали мен Темірді мақтаныш ете жырлады. Көзі тірісінде ақиқат пен аңызға айналған Бауыржан Момышұлына арналып, талай романдар мен дастандар, ұранды өлеңдер жазылғанмен оған:

Бабадан, Аға,
Қобыланды жолын құдың ба?!
Анадан, Аға,
Тарғынға тартып тудың ба?!

– деп ақын Сағынғали ғана айтты. Ел атынан еңсегейлі срдің сөзін:

Біз – ежелден ер қаһарман халықпыз!
Біз – тарихта теңдесі жоқ алыппыз!



деп нәштеп-нақтап айта алған елінің мәңгі баласы – Сағынғали-әкенің, Сағынғали-атаның Желтоқсанның ызғарлы желі соғып өткенде үнсіз қалуы мүмкін бе еді?!

Желтоқсанның сұсы неткен ызбарлы!
Жүрегімде жақпар-жақпар сыз қалды.
Ей, дүние-ай, есіркеймін елжіреп
Жазығы жоқ жігіттер мен қыздарды.

Өңіріне Қызыл жұлдыз, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен қатар көп медаль таққан Сағынғали Сейітов үшін ең қымбат белгі – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев марапаттаған «Тәуелсіздікке 10 жыл» медалі. Қызыл қан сарқырап аққан соғыс нәубетін көзімен көрген, бейбіт аспан астындағы қақтығыстарға, ХХІ-ші өркениет ғасырында да тыйылмаған шет алаптардағы қантөгістерге қағілез құлақ тоса қамығатын қарт майдангер «Ей, Адамзат! Тұлғаланып, толыстың. Бұғаулайық қол-аяғын соғыстың!» деп барша адамзатқа өсиет айтты.

Асан қайғымен қосыла шерленіп, Абай данышпандығына жүгініп, Пушкинмен сыр ақтарысып, Янка Купала мен Тарс Шевченколармен тіл қатысып, Байронмен байырқалана мұңдасатын, «Шығыстың шамшырағы – Мақтымқұлы, Өлені – мәңгі солмас бақтың гүлі!» деп мадақтайтын Сағынғалидың төңкерісті Қазанды «тірі құрдасы» етіп алатынындай шығыстың тағы бір ғұламасы Низамиді қыпшақ қызы Әппақ арқылы жезде етіп, әзіл-наз арнайтыны жарасымды-ақ. Ақын бірде Жидебайдағы Абай-Шәкәрім кесенесінде рухтанып, бірде Сұлтанмахмұт бейітінің басында іштей егіліп тұрса, бірде Гете зиратында тебіреніп тұрады. Сағынғали жырларынан бомбаның гүрсілі мен мылтықтың дүмпуінен басқа, ден қойған адамға домбыра күмбірі де, қобыз зары да, бұлбұл сазы да, бозторғай шырылы да, сұңқардың сұңқылы да, жорғаның бұлкілі де, дүниедегі барша тіршілік иесінің үні естіледі. Алатау баурайынан Гималай тауына, Тянь-Шань шыңынан Эверест биігіне дейін көтеріп, қырмызы қыр қызғалдағына құшағынды лық толтырып, ұшар шыңда ғана өсетін еңлікгүлді етекке лақтырады. Орман мен желдің Жер-ана мен Ел-анаға қалай еркелейтінін суреттейтіні де сүйкімді. Табиғат лирикасы ақынның бұрынғы-соңғы

шығармашылығынан жұпарлы әуезбен естіліп, сөзбен салынған пейзаж-полотнолар жанды елестейді. Семей мен Нарын полигондары, Чернобыль жарылысы, нарық тұсындағы тұрмыс тақсіреті, шетелдерге күндік-кұлдыққа сатылатын балалар мен тастанды сәбилер қасіреті, «Жетім бұрыш» жағалаған қалашыл қыр қазағының бейнеті – асарын асап, жасарын жасаған кезеңінде жан тыныштығын күйттесе де сөкеттігі жоқ ақынның жанына мұң үйіреді. «Сен қырық жыл қақтың қырда қоңырау» деп Дүйсенғалидай Ұстаз-өкенің ұлық тұлғасын мәртебелегенде де, «Анашым менің! Артықша ардақ базалым!» деп Нәзипа анасына сыйынғанда да еңкейген күнінің көлеңкесіндегі ой жұптауы мен сөз саптауы арасынан мәңгі таза сәби сана кіршіксіз иірімдеріне бойлатады. Қарт ақынның мемлекеттік тіл саясатына да мейлінше үлес қосуға құштар құлшынысы таң қалдырады.

Сағынғали Сейітовтің махаббатшыл мақамдары заманауи қазақ лирикасына өз жаңалықтарын әкеліп, Шекспир сонеттерінің шуағын шашты:

Жар демеп ем ешкімді, жар дегіздің!
Сүйе білер бір жүрек бар дегіздің!
Өмірбақи қасымда қал дегіздің!

Жар ғана емес, өмірлік дос дегіздің!
Сен бар жерде көңілім хош дегіздің!
Толқынындай қосылдық қос теңіздің!

Оның кейіпкері – Гейнениң Матильдасы емес, Дантениң Беатричесі емес, Абайдың Әйгерімі де емес. Өзінің Ғайниы! Қазақтың Ғайниы!

«Сүйдім сені! Дәл өзімдей сүйе алмас деп өңгелер...» деп жастық шақ жайлауында кербез де көрікті аруға жүрегiнiң дүрсілінен өз сыбырын естімей тіл қататын ақын жұбайлық өмір асуы – алтын белден асып, үш ұл мен екі қыздан өрбіген немере-шөбере қызығына бөленген алаңсыз қарттығында «Қателескен жоқпын мен сүйіп сені, Ғұмырсерік адал жар, асыл ана!» деп Алатаудан аумаған ақ басын иеді.

Қалың ел арқа сүйеген асқаралы ағаларымыздың асыл жарлары мен ең сенімді достары болып қана қоймай, Ақындар Музаларының шырақшыларына, ұлттық әдебиет аналарына айналған Сәбиттің Мәрия-

мы, Ғабиденнің Зейнелі, Әбділданың Сарасы, Тайырдың Мүнирасы, Хамзаның Софиясы, Мұхаметжанның Мархумасы, Ғалидың Айтбаласы сияқты Сағынғалидың Ғайниының да өзиз есімі қазіргізамандық махаббат шежіресіне де, әдебиет шежіресіне де өшпестей жазылды.

Сағынғали ағамыз ұзақ, кедір-бұдырсыз, атақ-шатақсыз бақытты ғұмыр кешті. Шырағы мен шабыты қатар шалқып тұрған жан сарайын қараңғылық қапасынан құтқару, мысы басым кәрілікпен сыр алдырмай сынасу, түпсіз тұнған тұңғиықтан ақық маржандар сүзу, оларды өлеңсөз етіп тізу, жылдардың ауырлай түскен салмағы еңсе езде де Жыр-анадан безбеу, дүниенің тылсым сырынан кіндік үзбеу, төрт қабырға ішінде отырып, байтақ елінің төрт түстігі мен жалпақ жаһанның төрт құбыласымен бірге тыныстау, үйінің төрінде отырып, уақыттың өрінен табылу – ақынның ақынының, адамның адамының ғана қолынан келер. Сағынғали аға көзі жұмылғанша, демі үзілгенше жыр ырғағынан жаңылмады. Зейнетке шыққан, еліміз Тәуелсіздік алған 1991 жылдан жаңаша шабыт пырағын ерттеп, жанындағы жанашыр жарандарының бірін – көзі, бірін – қаламы етіп, «Қазақ әдебиетінсі» «Әдебиет айдынына» дейінгі барлық басылымдарда өлеңдерін үздіксіз жариялады.

Ойларын арқалаған, армандарын артқан керуенге Ұлы Жыр Жолында өзіндік соқпақ, сәтті сапар тілеген ақын ақындық Музасын ностальгиялық айшықтарға, элегиялық нақыштарға көмкеріп, арман мен үміттің мәңгі шексіздігін паш етіп, Ғайни жеңгеміз көз жұмған күні жамбасын жерге тигізді. Баукеңе «Мәңгілік – сенің құтханаң!» деген Сәкеңе, «Мәңгілік – мызғымайтын жер сияқты, Ұлылар отыратын төр сияқты!», «Мәңгілік – орбитасы данышпанның, Мәңгілік – кеменгерлер пантеоны!» деп мәңгіліктің баламасын тауысып айта алмаған Сәкеңе сол аңсарлы мәңгіліктің жұмағында орын бар ма? Бар! Мәңгіліктен орын алу үшін жерүстілік атақтың бәрін тауысып кету шарт емес. Айтарын дүниенің құлағы керендей дарақы айқайлап емес, ақ сөзді ағынан жарылып адалдап айтқан Ақын атаулының бәріне Мәңгілікте орын бар! Өйткені, олар – мәңгіліктің өзі немесе бөлшегі болып өмірге келгендер. Олар – Мәңгілікті жырлау үшін, Мәңгілікті сомдау үшін жер бетіне жіберілгендер.

Мен Сағынғали аға «Туған қалам, думан қалам Оралым! Ұшсам – қанат, қонсам – құйрық боларым!» деп тебіренген, «Көрінер сол даладан маңдайдағы, Меңдей боп қадірменді Қаратөбем!» деп еміренген, «Егіндікөл – аяулы бір жерімің! Ет-жүрегім сенен неге жерінсін?!» деп елжіреген батыс өлкеде өскен, жерлес ақын жырларын жаттап есейген кешегі бүлдіршін қызбын. Соңында тірісінде қадірін жетік ұғынған, жырларын жатқа соғар ұрпақтары қалған ақындардың екі дүниеде де арманы жоқ.

- ...– Жасайды – дейсін, – Тау қанша?
- Басынан шыңы ауғанша!
- Жасайды – дейсін, – Көл қанша?
- Арнасы кеуіп қалғанша!
- Жасайды – дейсін, – Жер қанша?
- Мекендесе Ел қанша!..

Журналистік қадамдарым басталған жылдары ақыннан алғаш сұхбат алғанымда бала кезден жатталған осы өлеңін тақпақтап айтып беріп:

– Аға, ал Ақын қанша жасайды? – деп сұрағаным бар. Ойлы қалыппен:

– Ақын жер бетінде сөз қанша жасаса, сонша жасайды. Қазақтың ақыны жер бетінде бір қазақ қалғанша жасайды. Ақындар мәңгі жасайды! – деп жауап берген Сағынғали аға. Оның сонда өзі туралы да айтқанына титтей де шүбә келтірмеймін.

Гүлзира СЕРҒАЗИЕВА,

Ө.Жәнібеков атындағы Қазақстан

Журналистер одағы мен

Ғ.Мүсірепов атындағы

әдеби сыйлықтардың

лауреаты

ЖАДЫМДА ЖОРЫҚТАРДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

1995

ЖАЛЫН ЖҰТЫП, ОТ КЕШТІК ШАЙҚАСТАРДА

(Жеңістің 50 жылдығына)

ТҮСІМДЕ ДЕ, ӨҢІМДЕ ДЕ...

Жұлдызы қыз көзіндеі жаудыраған,
Маусымның бір түнінде маужыраған,
ҚазПИ-дің жатақхана бөлмесінде
Жаттым мен ...емтиханнан қалжыраған.

Самсаған сауалдарға ұбақ-жұбақ,
Қалмадым, жауап қатпай құлап-сұлап.
Миымды қатырардай қасақана,
Қинады әсіресе мына сұрақ:

Соғыс та бөліне ме сан атаға,
Сипатын сырғақтамай саната ма?
«Қысқаша курсты» тек оқытатың,
Сірә, онсыз күн шыға ма, таң ата ма?

Сұм соғыс секөнт санап таянғандай,
Жалмаңдап жалмауыздай жаланғандай.
Ауызда ән: «Егер ертең соғыс болса...»,
Жан ба едік ел қорғаудан аянғандай?!

Шер бұлты шеңберлейді шекараны,
Дүние демікпедей демалады.
Тұншығып тұтқынында фашизмнің,
Батыстың қанға бөкті ен алабы.

Есерсоқ ефрейтор есіреді,
Телміріп глобусқа тесіледі.
Әлемді бір шыбықпен айдаймын деп,
Кердендеп, күпсінеді, көсіледі.

...Мен болсам түс көремін төсегімде,
Жоқ-ты бұл ұйқыдағы есебімде.
Санамда сен тәрізді сапырылып,
Бытысқан бүгінім де, кешегім де.

Мезгіл ме? Таңсәрінің шамасында,
Түнгі дәл төрт пен бестің арасында,
Жат елдің қалың қолы шоғырланды
Батыс жақ шекараның саласында.

Алыпты қарауылға бәрі мені,
Дап-дайын ататын оқ-дәрілері.
Сапта тұр жалдаптары жаналғыштай,
Шептегі берідегі, әрідегі.

Көп қару бір-бірінен озатындай,
Өрекіп өштіктері қозатындай.
Зіркілдеп зеңбіректер зауықтанған,
Өңешін маған ғана созатындай.

Пулемет аузын маған бұрып-ақ тұр,
Әзірше іштегі лек тынып-ақ тұр.
Миномет мені ғана көздейтіндей,
Әп-сәтте жоятынын біліп-ақ тұр.

Қанатын «Юнкерстер» қомданады,
Бомбалар – сыбағама жолдамағы.
Үшқышы үңіледі жемсауына.
Дегбірсіз. Әлденеге долданады.

Бір кезде... лап қойды да саулап бәрі,
Ұмтылды маған қарай аулақтағы.
Қалың өрт қаптағандай аспан астын,
Арғысын алапаты аңдатпады.

Арамыз жер екен-ау бір-ақ аттар,
Миллион оқ, миллион мина, снарядтар.
Зулады маған қарай андағайлап,
Ойпырмай, қайран басым қайда қалмақ?

Шошындым, қатер шақта тәңірім жебеп,
 Ойбайсыз, оянып-ақ кеттім кенет.
 Өртеніп бара жатыр тұла бойым,
 Өзімді құтқарам ба өзім демеп?

Көзімді ашсам, бәрі өңім екен,
 Түсімнің сондықтан да жөні бөтен.
 Саспадым, сескенбедім сұрқиядан,
 Көрсем де көресіні көңіл бекем!

ҰЛЫ ЖЕҢІС

Ұлы Жеңіс!
 Ер тұлғалым! Еңселім!
 Әм солдатың,
 Әм жыршың ем мен сенің!
 Жарағанмын
 Бір тірегің болуға,
 Тұрған кезде
 Дүние тегіс теңселіп.

Өрт ішінде
 Жалыныңа жанғанмын.
 Өр қайратпен
 Өлімге де барғанмын.
 Айтыңдаршы,
 Теңдесі жоқ жаһанда
 Зілзалада
 Қалай аман қалғанмын?!

БИІК МҰНАРА

Ешкімнен де ештеңем жоқ жасырын,
 Бір күнім бар алшы тұрған асығым:
 Ол – әйгілі майса мамыр тоғызы,
 Адамзаттың арманындай ғашығы.

Жиырмасыншы ғасыр дейтін заманда,
 Одан биік мұнара жоқ ғаламда.
 Елу емес, мың-мың жылдар жасайды,
 Шұғыласын шашып күллі жаранға.

ШЕРУЛІ ШАҚТАРҒА ШЕГІНІС

Ауызымнан шықпаған сөз: «кәрімін».
Мен бүгінде атадан да әрімін.
Шегінейін шақтарыма шерулі,
Исі аңқысын жырдан түтін, дәрінің.

Жаяу әскер жауды қусын тақымдап,
Зенбіректер сөйлеп кетсін сақылдап.
«Илюшиндер» көктің бетін бүркесін,
Айқастарда «мессерлерді» алқымдап.

Лек-лек танкі қарағаштай қаптасын,
Эскадрон тұлпарларын баптасын.
Көлденеңнен көшелерге жапсырып,
Ленинград Жамбыл жырын жаттасын.

Шайқастардың шартын менен сұрама,
Сипаттауға шамам жетпес, сірә да.
Бауыржан жүр белден кешіп өрт селін,
Ол басқарған тоғызыншы құрама.

Жөңкіген қол жосылғанда жұптасып,
Алдиярлап ауыл, қала құптасып.
Мәншүгіміз кесте шегу орнына
Баса берсін пулеметтің тұтқасын.

Әскерлердің көрген кезде нөпірін,
Сапер дереу орнатпас па көпірін.
Қарбаласта қарекетте, қимылда.
Қажеті не қара күштің өпірім?

Дзоттардың тығындаған көмейін,
Батырлардың дәйім биік мерейі.
Жаралының жанашыры, майдангер
Мейірбике, сені ер демей, не дейін?!

Дәуір кештік қаһарлы да дабылды,
Қан жұтқызған қасіретті, дауылды.
Сенсің, Солдат, жұмыскері Жеңістің,
Арқалаған адам төзбес ауырды!

БЕТПЕ – БЕТ

Мен соғыспен Харьковте
 Келдім алғаш бетпе-бет.
 Бөлек мұнда тәртіп те,
 Бөлек тіпті жекпе-жек.

Тұтқын сержант атыста
 Жараланған аяқтан.
 – Туған өлкең қай тұста?
 Келдің қашан, қай жақтан?

Деп сұрасам, керендей
 Жөнді жауап бермейді.
 Кенет әлгі елеңдей,
 – Маған керек жер! – дейді.

Бұл бейбақтың қиырдан
 Іздегені сол екен.
 Ырыс аулап қиыннан,
 Тапқаны ылғи сор екен.

Дедім: – Бұрын көрмесен,
 Тимесе егер шекеңе,
 Жеріңді жер десен,
 Екі метр жете ме?

Сол сұмырай сұрқынды,
 Үн қатпады милаудай.
 Бір сұрақпен шіркінді
 Қинадым-ау қинаудай.

МАЙДАНГЕРМІН

Майдангермін.
 Ақталудан аулақпын.
 Рас, рас.
 Ұрыста оқты саулаттым.
 Мен қаныммен
 Қорғап жерім, елімді,
 Сонау бейбіт
 Немісті емес, жауды аттым.

Дұшпанды аттым
 Сені жоям деп келген,
 Көріге де,
 Сәбиге де кектенген.
 Жендетті
 Жер жастандырдым шайқаста,
 Қудым айдап
 Бекініс пен шептерден.

Жау да мені
 Аяған жоқ қырғында.
 Мен де оған
 Төсімді ашып тұрдым ба?
 Аяспадық,
 Ажал ғана зауалдай.
 Соғыс үшін
 Жаралдық па шынында?!

Жауға шепті алдырдық,
 Қаланы да қалдырдық.
 Қалдырмадық тіректі,
 Қалдырмадық жүректі.

Тұтқын тұрқын көрсек те,
 Құл болуға көнбедік.
 Нуымызды берсек те,
 Туымызды бермедік.

Шайқас сайын шыңдалдық,
 Шықтық шырқау шептерге.
 Жеңіс маршын тыңдадық,
 Төктік көп қан, көп тер де.

Екпіндете Еділде,
 Одерге аяқ салғанбыз.
 Сонда, сонда тегінде,
 Рейхстагты алғанбыз.

Азаткер ек тегінде,
 Шамшырақтай жанғанбыз.
 Ұлы Гете еліне
 Көктем алып барғанбыз.

ҚАЛАҚША

Тұмсығымыз тірелді
 Қалақшаға жолдағы.
 Жазулы түр: бір елді
 Мекен екен жондағы.

Кеңшар екен кәдімгі
 Атамекен қоныстай.
 Атырапқа мәлім-ді
 Сонау кезгі болыстай.

Қансоқтаның ізі боп
 Жатыр қазір Волково.
 Орны бар да, өзі жоқ,
 Жұтып соғыс толқыны.

Жер бетінен ысырған,
 Өшіргендей өштесіп.
 Тұрғындары тұсынан
 Өте берген «Қош» десіп.

Жазықсызды жалмаған
 Не демексің дұшпанға?
 Жұртта тірі қалмаған
 Ең арғысы тышқан да.

Қалақшаға қарасақ,
 Түршігеді денеміз.
 Мұзға қоса қар асап,
 Тұнжырасып келеміз.

ӨМІРБАЯН

Өмірбаян.
 От-жалынмен өрілген...
 Көрім таяу
 Сияқтанған төрімнен.
 Жан алысып,
 Жан беріскен сондағы
 Жағаласта
 Жолым ұзақ көрінген.

Шағым аз ба
 Шаршаған да шалдыққан?

Дауылдарда
 Дауысым да қарлыққан.
 Жорықтарда
 Жарты сағат көз іліп,
 Түн ішінде
 Түрегелген жарлықтан.

Ажал мені
 Аю боп та талаған.
 Қабырғадан
 Қандауырын қадаған.
 Майрылмағам,
 Айрылмағам жауымды
 Жеңем! – деген
 Сенім менен санадан.

ТІЛ

Барлаушылар олжалы,
 «Тіл» әкелді жау жақтан.
 Азабы ауыр сондағы:
 Арқалаған аулақтан.

Штаб «тілді» тергеді,
 Сан сұрақты саулата.
 Мүлде жауап бермеді,
 Аңысын ол аңдата.

Сөйтсек әлгі «тіліміз»
 Мылқау екен жарықтық.
 Әуелінде мұны біз
 Тастар деп ек қарық қып.

Қалтасынан көне ескі
 Куәлігі табылды.
 Дегеміз жоқ оны ескі,
 Есепке де алынды.

Сол куәлік түбінде
 Бір кәдеге жарады.
 Жатқан хайуан інінде
 Қолымызға қарады.

* * *

Кеткен жоқ ол хабарсыз,
 Жоғалған жоқ зым-зия.
 Кеткен жоқ ол хабарсыз,
 Тапқан да жоқ жылы ұя.

Қаза тапты ұрыста,
 Жатқан жері – беймәлім.
 Ең бір ақтық тыныста,
 Айтып кетті иманын.

* * *

Күнделігін майданның
 Оқпен жазған солдатпын.
 Күнделігін майданның
 Отпен жазған солдатпын.

Шежіресін шайқастың
 Қанмен жазған солдатпын.
 Шежіресін шайқастың
 Армен жазған солдатпын.

ХАРЬКОВ НАҚЫШТАРЫ

Жатқан шығар сайрап әлі ізім де,
 Қырық бірдің жазында да, күзінде.

Сұр шинельді сұсты солдат шағымда,
 Траншея қаздым Харьков маңында.

Қаланы жау бомбалайды тынымсыз,
 Қорғаныста күзеттемін мігірсіз.

Иығымда автоматым асынған,
 Дұшпан оғын асырмаймын басымнан.

Үрейленбей даңғаза мен дабырдан,
 Арпалыста айрылмаймын сабырдан.

Қала өрттің құшағында лаулайды,
 Үй басына үйіледі тау қайғы.

Шевченконың ескерткішін құлатқан
 «Юнкерстің» кетпейді үні құлақтан.